

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Филология факультеті

Қазақ тілі білімі кафедрасы

Мамаева Гүлнар Бейсенқызы

Филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор


**Пән атауы: “Қазақ тілінің
терминологиясы”**

Астана, 2022


**Дәріс тақырыбы: Сөзжасамдық өнімді
жұрнақтардың терминология
салаларында қолданылуы**

Қарастырылатын мәселелер:

- Синтетикалық тәсілдің терминжасам жүйесіндегі ерекшелігі;
- Сөзжасамдық жұрнақтардың терминжасамға қатысы.



*Жұрнақ, туынды сөз,
қос сөз* түрінде
сөзжасамның негізгі
мәселелерінен «Тіл-
құралда» мәлімет
берілген [1, 182-255].



А. Байтұрсынұлының
«Тіл-құралы» сөзжасам
тәсілдері, олардың
түрлері туралы теория
әлі қалыптаспаған кезде
жазылған еді.





А. Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі» (морфология) атты жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралында *морфологиялық (синтетикалық), синтаксистік (аналитикалық)* тәсілдер көрсетілген.

1964 жылы



«**Морфологиялық тәсіл** деп түбір сөзге я туынды сөзге қосымшалар қосу арқылы жаңа сөз тудыру тәсілін айтамыз да, **синтаксистік тәсіл** деп түбір (я туынды) сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы сөз тудыру тәсілін айтамыз» [2, 108].

Анықтама

Терминжасамда морфологиялық тәсіл де қолданылады және ол өнімді тәсілге жатады. Орыс ғалымы В.П. Даниленко:

«Аффиксальный способ в терминообразовании как и в словообразовании общелитературных слов, является одним из ведущих продуктивных» [3, 107].

Терминжасамда синтетикалық тәсілде 2 тілдік бірлік қызмет етеді.



Лексикалық бірлік



Сөзжасамдық жұрнақ

Терминжасамда лексикалық бірлік уәждеме қызметін атқарады және терминжасамдағы уәждеме қызметін тілдің байырғы сөздері мен шетел сөздері атқарады [4, 104].

1 Уәждеме сөз туынды сөздің мағынасына арқау болады.

2 Негізінен уәждеме қызметінде байырғы сөздер қолданылады. Мысалы, *әдіс-теме, біл-ім, мерген-дік, қысым, дәрі-гер, жетек-ші т.б.*

3 Мысалы, су шаруашылығына арналған терминологиялық сөздікте *ағын* термині *поток* мәнінде берілген.

4 Жеңіл және тоқыма өнеркәсібіне арналған терминологиялық сөздікте *кіршеңдік* термині *маркость* мәнінде берілген.

01

Сөзжасамдық жұрнақ уәждеме сөзден дефиницияға сай терминдік мән береді. **Мысалы,** *жиілік, бөлшек, бөгет, қысым, өлшеу, шөлейт т.б.*

02

Мысалы, *жолшы, етікші, биші, дәрігер, заңгер, зейнеткер* туынды түбір терминдері тілде мамандық мәнді білдіретін жұрнақтар арқылы жасалған.

Туынды түбір термин
туынды түбір сөзден
де жасалады.

Сөзжасамдық жұрнақ
саны туынды түбір
терминдерде одан да
көп бола береді.

**Мысалы, ерігіштік,
жасаушы, жіктеу,
негіздеу т.б.**

**Мысалы, есептеуіш,
келтірімділік,
қайтымсыздық т.б.**

Туынды түбір терминдер жасайтын өнімді сөзжасамдық жұрнақтар

Жұрнақтар		Мысал
1	-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік	<i>игілік, куәлік, теңдік, сөздік, құлдық, жарлық, азаттық, сенбілік т.б.</i>
2	-шы/-ші	<i>елиі, комбайншы, тракторшы, спортышы, кітапханашы, малышы т.б.</i>
3	-ым/-ім	<i>қысым, келісім, өнім, ұғым, шағым, тізім, білім т.б.</i>
4	-ғыш/-гіш, -қыш/-кіш	<i>жарғыш, ұшқыш, сызғыш, өткізгіш, көрсеткіш, желдеткіш т.б.</i>
5	-ыс/-іс/-с	<i>ұрыс, ағыс, егіс, табыс, соғыс, сөгіс, құрылыс, құбылыс, өндіріс т.б.</i>
6	-уыш/-уіш	<i>елеуіш, анықтауыш, тіреуіш, толықтауыш т.б.</i>

Туынды түбір терминдер жасайтын өнімді сөзжасамдық жұрнақтар

Жұрнақтар		Мысал
7	-ма/-ме, -па/-пе, -ба/-бе	<i>қима, жазба, тұнба, қойма, бөлме, көрме, бөртпе, қортпа, міндеттеме т.б.</i>
8	-ша/-ше	<i>кітапша, бөлімше, жұлдызша, қосымша, сызықша, белдемше т.б.</i>
9	-кер/-гер	<i>жұмыскер, дәрігер, қызметкер, саудагер, қаламгер, еңбеккер т.б.</i>
10	-шылық/-шілік	<i>қуаңшылық, арзаншылық, шабыншылық, қанаушылық т.б.</i>
11	-ландыру/-лендіру, -дандыру/ -дендіру, -тандыру/-тендіру	<i>куәландыру, механикаландыру, жарақтандыру, қарусыздандыру т.б.</i>

Терминологияда сөзжасамның мына жұрнақтары өнімді: -у; -дық, -дік, -лық, -лік, -тық, -тік; -шы, -ші; -м, -ым, -ім; -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе; -ша, -ше; -сыз, -сіз; -ғыш, -гіш, -қыш, -кіш; -ық, -ік, -қ, -к; -ыс, -іс, -с; -и; -ғы, -гі, -қы, -кі; -ыш, -іш, -ш; -ын, -ін, -н; -гер, -кер; -малы, -мелі, -лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес; -шық, -шік; -шақ, -шек; -шылық, -шілік; -теме, -деме; -нды, -нді; -лай, -лей; -паз; -т, -іт, -ыт; -ыңқы, -іңкі; -ды, -ді, -ты, -ті; -қын, -кін; мыс; -бей; -уіш; -мақ; -мек; -хана; -пар; -ыл, -іл, -л; -зақ; -шыл, -шіл [6, 169].

Ал *-шек, -бек, -бей, -тей, -ыш, -с, -тес, -кес, -ел* жұрнақтары арқылы өте аз терминдер жасалады. Сондықтан олар өнімсіз жұрнақтар болып саналады.

-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік жұрнағы терминологияның барлық саласының терминжасам жүйесінде бар деуге болады.

Мысалы

Әскери іс
терминологиясында

*арақашықтық, бейтараптық, биіктік,
жауынгерлік, заңсыздық, кедендік,
басқыншылық*

Математика
саласында

*аралық, ықтималдық, бөлінгіштік,
бұрыштық, дәлдік, доғалық, жазықтық,
жалғыздық, кездейсоқтық, кеңістік*

	Мысалы
Дене тәрбиесі және спорт сөздігі	<i>боксышы, гимнастышы, марафоншы</i>
Химия	<i>азоттау, кадмийлеу</i>
Сәулет және құрылыс	<i>аморфтық, санитариялық, эмульсиялы</i>
Жалпы техника және полиграфия	<i>изотоптылық, геодезиялық, активті</i>
Су шаруашылығы	<i>автоматтандыру, батиметриялық, кристалдану</i>
Философия	<i>абсолютті, брахманышылдық, гуманитарлық</i>
Мәдениет және өнер	<i>гармониялық, классикалық, фельетоншы</i>
Геология, геодезия, география	<i>астрономиялық, биосфералық, контурлық</i>
Педагогика және психология	<i>синкретті, репродуктивтілік, формальді</i>
Медицина	<i>артериялық, гемолиздік, рефрактерлік</i>

Қорыта келгенде, синтетикалық тәсіл терминжасамда өнімді қызмет атқарады. Синтетикалық тәсіл екі тілдік бірлік арқылы туынды түбір термин жасайды. Олар: **лексикалық бірлік** және **сөзжасамдық жұрнақ**. Лексикалық бірлік туынды терминнің уәждемелік қызметін атқарады. Сөзжасамдық жұрнақ ұғым атауын, яғни терминді жасайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 445 б.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1964. – 398 б.
3. Даниленко В.П. Русская терминология. Опыт лингвистического описания. – М.: Наука, 1977. – 246 с.
4. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 624 б.
5. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
6. Мамаева Г. Қазақ тілінің терминжасам жүйесі: монография. – Алматы: “ССК” баспасы, 2019. – 304 б.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

7. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы: АБ ТОО, 2002. – 190 б.
8. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы, 1998. – 184 б.
9. Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері. – Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2013. – 400 б.
10. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 240 б.



Назарларыңызға рақмет!